

Шығыс Қазақстан облысының кейбір энергетикалық кәсіпорындарының конкурстық массасын сатудың ерекше шарттары мен тәртібі туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 9 шілдедегі N 750 қаулысы

"AES корпорациясымен дауды ретке келтіру туралы" 1999 жылғы 17 маусымдағы Өзара түсіністік туралы меморандумның, Шығыс Қазақстан облысының АЭК-тарын басқаруға арналған 2000 жылғы 6 қарашадағы N 03/30-2000 шартының ережелерін ескере отырып, сондай-ақ "Алтайэнерго", "Семей электр тарату желілері", "Аягөз электр желілері" ашық акционерлік қоғамдарының, "Семей көлік-энергетикалық компаниясы" жабық акционерлік қоғамының төлем жасау қабілетінің жоқ екенін назарға ала отырып, "Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 21 қаңтардағы Заңын басшылыққа ала отырып Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен "Алтайэнерго", "Семей электр тарату желілері", "Аягөз электр желілері" ашық акционерлік қоғамдарының, "Семей көлік-энергетикалық компаниясы" жабық акционерлік қоғамының (бұдан әрі - акционерлік қоғамдар) банкроттығына бастамашылық жасасын.

2. Сот Акционерлік қоғамдарды банкрот деп тану және конкурстық іс қозғау жүргізу туралы шешім шығарған жағдайда, мыналарды:

1) олардың әрқайсысында жиынтығы "Шығыс Қазақстан аймақтық энергетикалық компаниясы" жабық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - "ШҚ АЭК" ЖАҚ) акцияларының 100% пакетін құрайтын тек "ШҚ АЭК" ЖАҚ акцияларының пакеттерінен төрт негізгі лот бойынша (бұдан әрі - негізгі лоттар) акционерлік қоғамдардың конкурстық массасын қалыптастыруды;

2) бірінші және екінші кезектегі кредиторлар талаптарының сомасынан, сондай-ақ акционерлік қоғамдардың конкурстық ісінің әкімшілік шығыстар сомасынан кем болмайтын негізгі лоттардың ең төменгі бағасын белгілеуді;

3) акционерлік қоғамдардың негізгі лоттарын сатуды бір мезгілде әрі Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігімен және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс жөніндегі комитеті өкілдерінің қатысуымен жүзеге асыруды;

4) конкурстық басқарушының конкурстық іс жүргізу кезеңінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен және Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігімен келісім бойынша "Шығыс Энерджи АЭС" ЖШС-мен немесе ол

тағайындаған аффилиирленген тұлғамен Шығыс Қазақстан облысының АЭК-тарын басқаруға арналған 2000 жылғы 6 қарашадағы N 03/30-2000 шартқа қосылуы шартын ж а с а с у ы н ;

5) конкурстық басқарушының Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігімен және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс жөніндегі комитетімен негізгі лоттарды сату жоспарын келісуді көздейтін олардың конкурстық массасын өткізудің ерекше шарттары мен тәртібі белгіленсін.

3. Негізгі лоттарды сатып алушыға мынадай:

1) сатып алушының "ШҚ АЭК" ЖАҚ-тың қызмет бейінін, тұтынушылармен жасалған шарттарды және көрсетілетін қызметтердің көлемін сақтау жөніндегі міндеттемелерді қабылдап алу;

2) сатып алушының Шығыс Қазақстан облысының АЭК-тарын басқаруға арналған 2000 жылғы 6 қарашадағы N 03/30-2000 шартына қосылуы шартын жасасуы және сатып алушының "АЭС Шығыс Энерджи" ЖШС-ға немесе ол тағайындаған аффилиирленген тұлғаға дивидендтерге құқығымен бірге 2014 жылға дейінгі мерзімге "ШҚ АЭК" ЖАҚ акцияларын айрықша сенімгерлік басқаруға одан әрі беру жөніндегі міндеттемелерді қабылдап алу шарттарын сатып алу-сату шартына енгізу жолымен қосымша талаптар белгіленсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары С.М. Мыңбаевқа жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі